

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
КЕДЕНДІК, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫ

« _____ » _____ 2012 ж.
 № _____ хаттамамен
 және бизнес

заң факультетінің
 Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде
 келісілген заң
 факультетінің деканы з.ғ.д.,
 профессор Д.Л. Байдельдинов

« _____ » _____ 2012ж.
 № _____ хаттамамен биология

факультетінің
 Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде
 бекітілген биология
 факультетінің деканы б.ғ.д.,
 профессор Шалахметова Т.М..

СИЛЛАБУС

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗДЕРІ

Дәріс берушінің аты-жөні: Қожабек Қ.М. аға оқытушы.

Семинар жүргізушінің аты-жөні: Қожабек Қ.М. аға оқытушы

Телефон: жұмыс телефоны: 3773336 ішкі 1256

e-mail: gulnar@mail.ru

каб.: заң факультеті Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы, 320 каб.

Пәнді оқыту алдында оқытылуы тиіс пәндер: мемлекет және құқық теориясы; конституциялық құқық; әкімшілік құқық; азаматтық құқық; еңбек құқығы; қылмыстық құқық және т.б.

Пәнді оқытылғаннан кейін оқытылуы тиіс пәндер: ҚР-ның жер құқығы; ҚР-ның аграрлық құқығы ҚР-ның таукен құқығы.

Пәнді оқытудың мақсаты. Экологиялық құқықты оқыту мақсаты экологиялық заңдарды және оларды іс жүзінде қолдануды және адамзаттық мүддесі үшін қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану саясатын жүргізуге қабілеті құқық қорғау органның, өкілді атқарушы органның және өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес органның болашақ жұмыскерлері болатын құқықтанушыларды дайындау.

Пәнді оқытудың міндеттері. ҚР-да экологиялық құқықтың қалыптасуы, даму перспективасы мен өркендеуі, экологиялық құқықтың негізгі қайнар-көздерімен танысу, экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтың қайнар-көздерін, оның нысаны, мазмұны және заңды күші бойынша мінездемелері мен субординацияларының әртүрлі түсініктерін айқындау және осы туралы студенттердің білім алуы;

- экологиялық құқықты оқыту кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды қолдануды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмге, экология, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға байланысты сұрақтар бойынша жаңа бағыттар, даму қарқындары мен республикалық заңдарды жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аудару.

Апта лар	Тақырып атауы	Сағатта р	СОӨЖ тапсырмалары
Модуль 1.			
1	Дәріс Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні	1	
	Семинар сабағы Экологиялық құқықтың түсінігі, әдістері, қағидалары.. Қоршаған табиғи орта құқық объектісі ретінде. Экологиялық құқықтың жүйесі: жалпы және арнайы	1	

	бөлімдері. Экология-құқықтық институттар. Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі экологиялық құқықтың орны. Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы.		
2	Дәріс Экологиялық құқықтық қатынастар.	1	СӨЖ 1 « Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы» Нысаны пікірталас, мерзімі 2-апта. Бұл тапсырмаға дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: - <u>Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің жай-күйімен</u> проблемалары; - Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты, негізгі міндеттері мен қағидаттары; - Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағыттары мен негізгі тетіктері – Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асырудан күтілетін нәтижелер.
	Семинар сабағы Экологиялық қатынастардың жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық қатынастарының мазмұны. Экологиялық қатынастардың түрлері. Экологиялық құқық қатынастардың субъектілері және объектілері. Экологиялық құқық қатынастардың пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуы. Экологиялық құқық қатынастардың басқа құқық қатынастарымен байланысы және ара қатынасы.	1	
3	Дәріс Экологиялық құқықтың тарихы. Экологиялық құқықтың қайнар көздері.	1	
	Семинар сабағы Қазақстан Республикасының егемендік алғанға дейінгі экология құқығының тарихы. Қазақстан Республикасының егемендік алғаннан кейінгі экология құқығының тарихы. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің түсінігі, ерекшеліктері және классификациясы. Қазақстан Республикасының Конституциясы және экологиялық құқықтық ережелер мен талаптар. Табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы жалпы және арнайы заңдар. ҚР Экологиялық кодексінің жалпы сипаттамасы. Үкіметтің экология-құқықтық актілері. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың экология-құқықтық актілері. Экология және табиғат пайдалану жөніндегі халықаралық конвенциялар, мемлекетаралық келісімдер мен шарттар.	1	
4	Дәріс Табиғат объектілеріне меншік құқығы.	1	СӨЖ- 2 «Шетелдік экологиялық заңнамаларды құқықтық саралау» Нысаны жазбаша, мерзімі 4 – апта.
	Семинар сабағы Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы.. Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны	1	

	және қорғалуы. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы. Табиғи ресурстарға меншік құқығының мазмұны. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының объектілері мен субъектілері. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.		Бұл тапсырмаға дайындалу барысында студент шетелдік экологиялық заңнамаларға және ғылыми көзқарастарға негіздей отырып баяндама жазу.
5	Дәріс Табиғатты пайдалану құқығы.	1	
	Семинар сабағы Табиғат пайдалану құқығының түсінігі. Табиғат пайдалану құқығының қағидалары және негізгі белгілері. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану. Табиғат пайдалану құқығының мазмұны. Табиғат пайдаланушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері. Табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері. Табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру негіздері. Табиғат пайдалану құқығын қорғау.	1	
6	Дәріс Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері.	1	
	Семинар сабағы Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен қызметі. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлау, бағдарламалау және стандарттау мәселелері. Экологиялық нормалары және қоршаған ортаға әсердің жол беруге болатын шекті нормативтері. Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі. Экологиялық сараптама: мақсаттары, міндеттері, түрлері. Шаруашылық және өзге қызметке қойылатын экологиялық талаптар. Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары. Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі мен құрамдас элементтері. Экологиялық төлемдер мен алымдарды алу және есптесу тәртібі. Экологиялық сақтандыруды құқықтық реттеу. Табиғатты пайдалану үшін салықтар. Арнайы табиғат пайдалану үшін төлемдер. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге арналған қаражаттық құралдарды жұмсау. Экологиялық аудиттің құқықтық жағдайы.	1	«Қоршаған ортаның қорғаудың экономикалық механизмінің құқықтық негіздері» Нысаны жазбаша конспект 6-апта. Бұл тапсырмаға дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: - Қазақстан Республикасында табиғат пайдаланудың экономикалық тетігінің жалпы сипаттамасы; -Қазақстан Республикасында экологиялық төлемдердің жалпы құқықтық сипаттамасы; -Табиғи объектілердің жекелеген түрлері үшін төленетін экологиялық төлемдер; -Қазақстан Республикасының Заңы міндетті экологиялық сақтандыру туралы (2008.26.05. берілген <u>өзгерістер мен толықтыруларымен</u>).

7	Дәріс Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық шаралары.	1	
	Семинар сабағы Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі. Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті сақтаудың құқықтық шаралары. Қоршаған ортаның сапасын нормалау және сапасы нормативтерінің негізгі түрлері. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттау мен сертификаттаудың құқықтық шаралары. Қоршаған ортаға әсерді бағалау. Шаруашылық және басқа да қызметке қойылатын экологиялық талаптар. Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Төтенше экологиялық ахуал мен апат аймақтарының құқықтық жағдайы.	1	
Модуль 2.			
8	Дәріс. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік.	1	
	Семинар сабағы Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік. Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық- құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері. Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауапкершіліктің түрлері. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.	1	
Модуль 3.			
9	Дәріс Жердің құқықтық режимі.	1	
	Семинар сабағы Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының Жер кодексі және жер туралы басқа да заңдылықтар. Жер заңдарының міндеттері мен қағидалары. Жер қорының түсінігі және оның жекелеген санаттарының құқықтық режимі. Мемлекеттік органдардың жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыреттері. Жерге мемлекеттік меншік құқығының мазмұны. Жерге жеке меншік құқығының түсінігі мен объектілері. Жер пайдалану құқығының түсінігі, түрлері және субъектілері. Жер учаскелерін нормалау. Жер учаскесіне меншік құқығының және жер пайдалану құқығының туындау,	1	

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық.

бұл тапсырманы студент іс жүргізушілік құқық негізінде көрсетуі қажет.
- Әкімшілік сот өндірісі, азаматтық сот өндірісі және қылмыстық іс бойынша.

	өзгеру және тоқтату негіздері. Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығындарды өтеудің негіздері мен тәртібі.		
10	Дәріс Жер қойнауының құқықтық режимі.	1	
	Семинар сабағы Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңы және жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар. Жер қойнауы мен басқа да пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер қойнауы қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі. Жер қойнауына меншік құқығы және оны іске асыру нысандары. Жер қойнауын пайдалану және оны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау. Жер қойнауын пайдалану құқығы және оның түрлері. Пайдалы қазбаларды есепке алу, оларды жіктеу. Пайдалы қазбалардың кен орындарының мемлекеттік кадастры. Жер қойнауына, жер қойнауы пайдаланушыларға келтірілген зиянды өтеу. Жер қойнауы туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.	1	
11	Дәріс Судың құқықтық режимі.	1	
	Семинар сабағы Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының Су кодексі және суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі. Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмі. Су қорына меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары. Суды пайдалану құқығы және оның түрлері. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және сараптама. Су объектілерін қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу. Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі. Су дауларын шешу тәртібі және су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.	1	
12	Дәріс Ормандардың құқықтық режимі.	1	
	Семинар сабағы	1	

	<p>Ормандардың құқықтық режимдерінің түсінігі және жалпы сипаттамасы. Ормандарды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмі. Қазақстан Республикасының Орман кодексі және ормандарды ұтымды пайдалану және қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар.</p> <p>Қазақстан Республикасы орман қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі. Ормандарды басқару және орман шаруашылығын жүргізудің негізгі талаптары. Орман қорын қорғаныс категориясына бөлу. Ормандарға меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары. Орман пайдалану құқығы және оның түрлері. Ормандардың жай-күйіне, пайдалануына және қорғалуына мемлекеттік бақылау жасау. Дәрілік өсімдіктерді қорғаудың ерекшеліктері. Орман дауларын шешу тәртібі. Ормандарға келтірілген зияндарды өтеу және орман заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық.</p>		
13	<p>Дәріс Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.</p>	1	<p>«Жануарлар және өсімдіктер дүниесін құқықтық қорғау» Нысаны жазбаша баяндама 8-апта. Бұл тапсырмаға дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: -Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-ІІ Заңы</p>
	<p>Семинар сабағы Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмі. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңы және осы саладағы басқа да заңдар. Жануарлар дүниесіне меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау. Жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды өтеу, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.</p>	1	
14	<p>Дәріс Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі.</p>	1	
	<p>Семинар сабағы Ерекше қорғалатын табиғи объектілерінің түсінігі және құрамы. Қызыл Кітап және айналадағы табиғи ортаны қорғаудағы маңызы. Курорттардың және басқа емдеу-сауықтыру аймақтардың құқықтық режимі. Қорықтардың құқықтық режимі. Заказниктердің құқықтық режимі. Табиғат ескерткіштерінің құқықтық режимі. Табиғи ұлттық парктердің құқықтық режимі. Ботаникалық бақтардың, дендрологиялық және зоологиялық парктердің, тарихи-табиғи және мемориалдық парктердің құқықтық режимі.</p>	1	

15	Дәріс Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау.	1	Халықаралық экологиялық ынтымақтастықты құқықтық реттеу. Бұл тапсырмаға дайындалу барысында студент халықаралық Қазақстан Республикасымен ратификацияланған заңдарымен дайындалуы тиіс. - Қазақстан Республикасы Үкіметі және Израиль мемлекеті Үкіметінің арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім (1995 Ерусалим қаласы) - БҰҰ – ң Теңіз құқығы бойынша конвенция (Монтего-Бей, 10 декабрь 1982 г.) - Қазақстан Республикасы Үкіметі және Түрік мемлекетінің Үкіметі арасындағы жануарлар дүниесі саласындағы келісім Алматы 1995.
	Семинар сабағы Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері. Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар, қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық мемлекеттік-құқықтық механизмі. Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.	1	

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі Әдебиеттер:

1. Боголюбов В.В. Экологическое право.-М., 2001.
2. Бринчук М.М. Экологическое право России.-М.,1998.
3. Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасындағы жер құқық қатынастары.-Алматы, 1995.
4. Байдельдинов Д.Л. Юридическая ответственность за экологические правонарушения.-Алматы, 1993.
5. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан.-Алматы, 1995.
6. Байдельдинов Д.Л. Правовой механизм государственного управления в области экологии.-Алматы, 1998.
7. Байдельдинов Д.Л. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы, 2004.
8. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.-Алматы, 2005.
9. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Учебное пособие. –Қарағанды, 2001.
10. Баймбетов Н.С. Правовые основы экологической экспертизы в Республике Казахстан.-Алматы, 2001.
11. Ерофеев Б.В. Экологическое право.-М., 1996.
12. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики.-Алматы, 2003.
13. Культелеев С.Т. Материалы по экологическому праву. Практикум по семинарским занятиям.-Алматы, 2000.
14. Мухитдинов Н.Б. Горное право.-Алматы, 1995.
15. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы – 2030: гүлдену, қауіпсіздік және жақсару.
16. Петров В.В. Экологическое право России.-М., 1997.
17. Стамқұлов Ә.С. Қазақстан Республикасының экология құқығы. Алматы, 2003.

Қосымша

1. Абдраимов Б.Ж. Актуальные вопросы правоприменения при разрешении судами земельных споров.- Алматы, 1998.
2. Адильханов Ф.Х. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. Барнаул, 1991.
3. Андрейцев В.И. Правовое обеспечение экологической экспертизы.-Киев, 1990.
4. Байсалов С.Б. Водное право Казахской ССР (некоторые проблемы теории и практики).- Алма-Ата: Наука, 1966.
5. Байсалов С.Б. Комментарий к Лесному кодексу РК.- Вестник Министерства юстиции РК, 1995, №2.
6. Голиченков А.К. Экологический контроль: теория и практика правового обеспечения.-М., 1991.
7. Бринчук М.М. Правовая охрана окружающей среды от загрязнения токсичными веществами.-М., 1990.
8. Еренов А.Е., Мухитдинов Н.Б., Косанов Ж.Х., Хаджиев А.Х. Эффективность природоохранного законодательства. – Алма-Ата: Наука. 1998.
9. Колбасов О.С. Возмещение гражданам экологического вреда.-Государство и право, 1994, №10.

Білімді бақылау нысандары:

Ағымдық бақылаулар: семестрде 5 жұмыс

СӨЖ: семестрде 5 тапсырма

Қорытынды бақылау: емтихан сессиясы барысында

Білімді бағалау критерийлері, балдар в %

Ағымдық жұмысы

60

СӨЖ тапсырмалар (СӨЖ)

Қорытынды емтихан

40

Ағымдық бақылау дәрістер мен лабораториялық сабақтарда (7 апта бойы) оқыған теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша жасалынады. Студентке теориялық сұрақтар мен тәжірибелік тапсырмалар беріледі.

Білімділік бағамының жалпы көрсеткіші

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Бағаның сандық көрсеткіші (GPA)	Балдар %	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4	95-100	"Өте жақсы"
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	"Жақсы"
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	"Қанағаттанарлық"
C	2	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1	50-54	"Қанағаттанарлықсыз"
F	-	0-49	
I	-	-	"Пән аяқталмаған"
W	-	-	"Пәннен бас тарту"
AW	-	-	"Пәннен шығарылған"
AU	-	-	"Пән оқылған"
P/NP (Pass / No Pass)	-	65-100/0-64	"Сынақ/ сынақтан өтпеді"

Семестр барысында студенттің жұмысын бағалау кезінде келесілер есепке алынады:

- Сабақ күнделікті қатысу ;
- тәжірибелік сабақтарға белсенді қатысу ;

- негізгі және қосымша әдебиеттерді оқу ;
- СӨЖ орындау;
- тапсырмаларды уақытылы орындау.

Үш СӨЖ тапсырмаларын уақытылы орындамағаны үшін АW бағасы қойылады.

Академиялық мінез-құлық және этика саясаты

Ұқыпты болыңыз, басқаның пікірін сыйлаңыз. Қарсы пікірлеріңізді нақты нысандарда құра біліңіз. Плагиат және өзге де жалған нысандардағы жұмыстарға жол берілмейді. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру барысында көшіруге, шығарылған есептерді басқа тұлғаларға көшіруге, емтиханды басқа тұлғалар үшін тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез-келген ақпаратын жалған жасап ұсталған студент «F» қорытынды бағасын алады.

Көмек: өзіндік жұмыстарды (СӨЖ) орындау, оларды тапсыру және қорғау барысында кеңес алу, сонымен қатар өтілген материалдар бойынша қосымша ақпараттар алу және оқылған курс бойынша пайда болған сұрақтар бойынша оқытушыдан оның офис-сағаттары уақытында қажетті мәліметтер алуға болады.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

Хаттама № « » ж.

Кафедра меңгерушісі:

А.Е. Жатқанбаева